

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Докучаев ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 26 сәуірдегі № 5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2021 жылғы 26 сәуірде № 7356 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Докучаев ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № 7 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Докучаев ауылдық округі әкімінің 16.06.2021 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7 ) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2021 жылғы 9 сәуірдегі № 15-12/59 ұсынысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Докучаев ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Докучаев ауылдық округінің Докучаев ауылындағы "Атамекен-Агро-Тимирязево" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мал шаруашылығы кешенінің аумағында ірі қара мал арасында құтыру ауруы пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округінің әкімі*

*С. Розумов*